

КІРІСПЕ

Республикадағы университеттер мен жоғары техникалық оқу орындарының қазақ бөлімдерінде оқитын студенттер үшін теориялық механика пәні бойынша ана тілінде жазылған оқу құралдары өте аз.

Мысалы, қазақ тілінде жазылған теориялық механика есептер жинағының болмауы бұл пән бойынша аудиторияда және де одан тыс жұмыстар жүргізуде көптеген қиындықтар тудырады.

Осындай жағдайларды болдырмау жолында жүргізілетін істердің бастамасы ретінде қазақ тіліндегі статика есептерінің жинағы баспадан шығарылып отыр. Мұндағы есептер теориялық механиканың программасында көрсетілген тақырыптарды толық қамтиды.

Есептерді іріктеу, құрастыру кезінде оларда қолданылатын математикалық аппараттың тым күрделі болмауы ескерілді. Статиканың, кинематиканың формулалары мен теориялық ұғымдарын, анықтамаларын тереңірек түсініп, практикада кездесетін есептерге оларды дұрыс қолдана білуге үйрету жағына үмтылыс жасалды.

Жинақтағы есептер мен мысалдардың орналасу реттері, статикалық негізгі шамалардың белгілеулері қазақ тіліндегі оқулықта қабылданған белгілеулерімен бірдей және де мұндағы теориялық материалдардың баяндалу ретімен сәйкес келеді.

Статика, кинематика есептерінің бұл жинағы университеттердің механика және математика, қолданбалы математика факультеттерінің қазақ бөлімдеріндегі студенттерге арналады. Сондай-ақ бұл жинақты жоғары техникалық оқу орындарының қазақ бөлімдерінің студенттері де пайдалана алады.